



EJN  
ARHA

...Мысалы, белгілі бір отбасында береке, бірлік, ынтымақ, ортақ бір мақсат, ортақ таным-түсінік жоқ делік. Бірінің пікіріне бірі құлақ аспаған ол отбасындағы адамдар күнделікті дау-дамайдан әбден қажып, бір-бір бөлмеге қамалады. Ақыры, отбасындағы жағдайды сыртқа шығарып, өзінің жақындарына емес, бөтен адамдарға сырын ашып, өкпесін айта бастайды. Әлгі «сырласы» болса, оған үйіп-төгіп ақыл қосады да, оны отбасына қарсы айдалап салады. Берекесі қашқан отбасы осылайша бірге қол жеткізуге болатын жарқын болашақтан бас тартып, өмірдің бөлек-бөлек тармағымен жүруді жөн санайды. Әркім керегеге байлаған уығын шешіп әкетеді. Сүйтіп, отбасының керегесі құлап, шаңырағы шайқалады. Ал бұл жағдай бір отбасында емес, тұтас бір елде қайталанса не болады!؟ Ел үшін бұдан асқан қауіп жоқ екенін елестетсек, бірлік, шын мәнінде, ең асыл ұғым екенін түсінеміз. Сондықтан да, өмірден өткен даналар, көпті көрген қариялар бірлікті бізге аманат еткен. Сол аманат-сөзді бүгінгі ұрпаққа аман-есен жеткізген, енді келесі ұрпаққа да солай жетсін деп, береке, бірлікті жырына қосып жүрген адамдар көп. Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев және Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтардың лауреаты. «Парасат» орденінің иегері, С.Сейфуллин атындағы мұражай директоры Несіпбек Айтұлы ағамызбен сұхбаттасқанда, әр ойы осы бірлік деген ұғыммен астарланып отырды.

-Несіпбек аға, Сізге келген негізгі бұйымтаймыз, Президенттің мемлекетімізді енді Қазақстан Республикасы деп емес, Қазақ елі деп атау туралы ұсыныс төнірегіндегі ойынызды білу болып отыр...

-Жалпы, Қазақстан Республикасы деп жүргеніміз дұрыс емес. Кезінде, Кеңес үкіметінің тұсында Қазақ Республикасы болатын. «Стан» деген сөздің өзі парсы тілінен тәржімалағанда, «уәлаят, аймақ, республика» деген мағынаны береді. Сонда біздікі Қазақстан уәлаят немесе Қазақ республикасы болып кетеді. Яғни «стан» деген сөз бен «Республика» деген сөз бір-бірін теуіп тұр. Сондықтан мемлекетіміздің атау Қазақ Республикасы болу керек еді. Бұл бізден кеткен тарихи қателік.

Ал енді, жылдар өткен соң Елбасымызы Қазақ Елі атану турал ойын айтты. Кейбіреулер «Қазақ Елі емес, «Қазакия» болайық» деп жатыр. Бірақ, менің айтарым «Қазакия» деп айтудың өзі теріс. «Қаза» деген сөз бәрі білетіндей қазаға ұшырау, яғни «қиядағы қазақ» болып қаламыз. Сондықтан, ел атауын «Қазакия» деп өзгертуге мүлде болмайды.

Қазақ Елі атану туралы ұсыныс төнірегінде теріс пікірлердің де бар екені рас. «Мына қынышылық заманда ел атауын өзгертуден бұрын халықтың жағдайын дұрыстап алайық» болмаса «ел атауын өзгертуге қыруар қаржы кетеді ғой» дейтіндер табылып жатыр. Тіпті, «2030 жыл дедік, 2050 жыл дедік, енді «Мәңгілік ел» дегенді шығардық» деген ашық қарсылықтар бар. Ия, еліміздің дамуында кемшіліктер жоқ емес, бар. «Ауруын жасырган өлеңді» демекші, кемшіліктерімізді айтпасқа да болмайды. Бірақ, бұдан да жаман күнде тойға барғанбыз. Сондықтан, Елбасының Қазақ елі болайық дегені ете орынды ұсыныс. Қазір экономика емес, басты нәрсе – ұлттық тұрақтылық, ұлттық мұдде.

Тағы бір айта кетерлік жайт, кеңес одағының тұсында Қазақстанды көп ұлттың мекені, былайша, «ұлттар достығы лабораториясы» деп ойлайтын. Қазақстанды қазақтың жері деп

емес, жан-жактан келген диаспоралардың отаны деген түсінік қалыптасқан. Бірақ, бұл жердің иесі біз, елдің иесі біз! Онсыз да жеріміз қиқымдалып, солтүстігінде біраз жер Ресейге, оңтүстігінде Өзбекстанға, мына жақта Қытайға беріліп кетті. Бірақ, қазір біз оны дауға салып отырған жоқпыз. Біздегі тілек қалған жеріміздің қызығын баянды етсін деген арман. Мәңгілік ел болармыз, болмаспыш. Ол алдағы болашақтың, тағдырдың ісі. Бірақ, Мәңгілік ел болуға ұмтылуымыз өте дұрыс. Мәңгілік ел боламыз дегеніміз – ортақ тілек. Бізге қазір ең керегі ауызбіршілік. Бізде өзінің жеке мұддесін көздейтін, болмаса, арам әрекеттері арқылы ел басқаруға келгісі келетін тараптар бар. Мысалы, жуырда менің «Мәңгілік ел» деген толғауым шықты. Сол интернет ресрустардың біріне жарияланып еді, толғаудың астына жазылған пікірлер енді сан-саққа кетіп жатыр. Бірақ, басым көпшілігінің айтқаны – бұл билікке жағынып жатыр дейді. Бізде, өкінішке орай, осындағы «көри ауыздар» көп. Тіпті, керек десеніз, олар халықтың бірлігі үйіп, ел болып отырғанымызды көре алмайды. Олардың мақсаты, жоғарыда айтқанымдай, өздерінің жеке бастарының мұддесін өтеу, елге топырақ шашу. Мен толғауымда:

*«Сақтанбасаң тарылар кең дүние бір демде*

*Мәңгілік Ел белгісі – мызғымайтын іргенде.*

*Бәрі көзге ілінер, кім екенің білінер,*

*Ел басына күн түгел екі талай күндерде*

*Тәбемізде мәңгілік күннің нұры құйылса,*

*Мәңгілік ел болмақтың болашақта бұйырса.*

*Жүгенделіп жемқорлар, түгенделіп қазына,*

*Ұры-қары тұсалып, телі-тентек тыылса?*

*Дінді бұзған сұмдардың, елді бұзған қулардың,*

*Адымдары ұзармай, қылталараптың қыылса?*

*Бір байрақтың астына, бір тілектің үстіне,*

*Шартарапқа шашылған иісі қазақ жиылса.*

*Жетім жесір тойынып, нарақорлық жойылып,*

*Бауырласқан қалың ел бір Аллаға сыйынса?*

*Мәңгілік ел белгісі – аспандагы Бәйтерек,*

*Жайнап тұрған Астана, жарқыраган Ақорда,*

*Жақсы жайсаң кеңесіп, төрт құбыла теңесіп,*

*Арман болмас айналсақ алынбайтын қамалға!», - деймін. Бұл менің еліме деген адад тілегімнен, болашаққа деген сенімімнен туған толғау. Біреуге жағыну, сол арқылы бір нәрсеге қол жеткізу деген ой менде мұлде жок. Бірақ, жоғарыда айтқан жаяу саясатшылар*

бұны айналдырып әкеліп, билікке жағынуға тіреп отыр. Біз бәріміз кеңесіп, ортақ келісім шығарған жағдайда ғана тұтас ел бола аламыз. Алдымен Қазақ Елі болып алсақ, Мәнгілік Ел боламыз деген жоспар бірте-бірте, өз ағысымен жүзеге асады. Оның үстіне, казак жерінің иесі қазак ұлты екенін мойындармай жургендерге де үлкен сабак болар еді. Керек десеніз, Қазақ Елі деп атануымыз үлкен төңкеріс болар еді. Ұлттық идеологияның басы да осы болады.

### **-Әңгімемізді бастамай тұрып, «Мәнгілік ел» тақырыбында жыр жарысын ұйымдастырағы жатқандарынызды құлақ шалып қалды...**

- Құдай қаласа, «Мәнгілік ел» тақырыбында ақындар мүшәйрасы өтеді маусым айында. Ақындар қазірден бастап-ақ бәйгеге қосамын деген өлеңдерін жіберуі керек. Мүшәйраның бас жүлдесіне автокөлік тігіп отырмыз. Бұдан бөлек, он адамға жүлде бар. Жалпы, Астана күніне орай өткізілетін үлкен мүшәйра дәстүрге айналған. Ең бірінші өлең-жыр жарысы Тәуелсіздік күніне, екінші мүшәйра Астана күніне арналып өткізілген. Одан кейінгі мүшәйра тақырыбы Тұңғыш Президент күні болды. Міне, төртінші рет ұйымдастырғалы отырған шарамыз «Мәнгілік ел» тақырыбында өтеді. Жуырда халық алдында есеп берген Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов «Мәнгілік елдің алтын дінгегі – Астана» деген болатын. Сондықтан, ақындарымыз Астананы, тәуелсіздік пен «Мәнгілік ел» ұғымдарын сабактастыра отырып, жырласа екен...!

**- Аға, жуырда Сіз бар, өзге де зиялды қауым өкілдері бар Түркиядағы үлкен бір жыныға қатысып келдіңіздер ғой. Сонда Төлен Әбдік ағамызың абыройлы атақпен елге оралды. Осы жынын туралы айттып беріңізші?**

-Ия, ТҮРІКСОЙ-дың ұйымдастырумен «Түркі дүниесі әдеби журналдарының конгресі» деген атаумен өткін жыныға қатысып келдік. Біздің тараптан шараның басы-қаснда жүрген «Жұлдыз» журналының редакторы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, таланатт ақын Ұлықбек Есдәулет. Конгреске ісі түрк түгел қалмай келді деп айтуға болады. Иран, Ирак, Косово, Әзіrbайжан, Түркімен, Өбекстан, Қырғызстан, Қырым татарларын, Башқұрттың ақын-жазушылары қалмай келді. Биылғы жынының тақырыбы – түркі әлемінің атақты қайраткері, түркі халқының азаттығы үшін күрескен Исмайл Гаспринскийдің тағдыры болды. Биыл Гаспринскийдің өмірден озғанына жұз жыл толады. Сол Гаспринский айтқан мынандай сөз бар: «Тіл бірлігі – пікір бірлігі – іс бірлігі». Яғни, тіл бірлігі дегеніміз – түркі тілдес елдердің барлығы бір-бірін түсінетін болса, пікір бірлігі дегеніміз – қазақтың тілімен айтсақ, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарса, іс бірлігі дегеніміз – тағы да біз айтқан «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген ұғымға саяды. Міне, конгрес барсында Гаспринскийден қалған осы принцип төнірегінде ашық әңгіме айттылып, көп ұсыныстар талқыланды. «Болашақта түркі жұрты ешкімге тізе батырмаймыз, ешкімнің жеріне, мұддесіне қол сұқпаймыз, бірақ бізге ел ретінде дамуға мүмкіндік беру керек» деген пікірлер айттылды. Үлкен түркі тілдес елдердің құрайық деп жатқанымыз жок. Бірақ, бір-бірімізге сүйеніш болу керекпіз, рухани алмасу, әдеби алмасу жасауымыз керек. Менің айтқан ұсынысымызға келсек, менің ойымша, түркі тілдес халықтардың мектептерінде түркі тарихын, түркі әдебиетін оқытатын сабактар керек. Кезінде неміс тілін, келе-келе ағылшын тілін, тіпті, өзге тілдерді де оқытып жатырмыз ғой. Сол сияқты тұтас болмаса да түркі тілдес халықтар әдебиетінен хабар беретін кітаптар болса. Сол арқылы біздің ұрпақтар бір-бірін біліп отыратын еді. Мысалы, өзге түркі тілдес елдердің жастары Абайды, біздің балалар Науан ақынды біліп өсер еді. Мен осы ұсынысты баяғыдан бері айттып келемін. Енді негізгі сұрағының тақталып, Төлен Әбдік ағамыздың

алған атағына тоқталсақ. Бұл конгресс жыл сайын «Жыл адамы» деген атақ береді екен. Биылғы жыл адамы біздің Төлен Әбдік ағамыз атанды. Өте абыройлы атақ болды, Төлен ағамыздың кітабы түрікшеге аударылған екен. Басқасын айтпағанда, Сүлеймен Демирель атындағы университетке барғанда Төлен ағамыздың кітабына қол қоюға түрік студенттер кезекке тұрды. Бұл біз үшін мәртебе болды.

Кенжекей ТОҚТАМҰРАТ